

Облыс әкімдігінің 2004 жылғы 14 маусымдағы "Аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жалпы білім беретін мектеп түлектеріне облыстың жоғары оқу орындарындағы оқуына ақы төлеу үшін әлеуметтік көмек тағайындау туралы" N 169/5 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы.

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы әкімшілігінің 2006 жылғы 9 тамыздағы N 226/8 қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2006 жылғы 17 тамыздағы N 3072 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2009 жылғы 25 желтоқсандағы N 236/18 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2009.12.25 N 236/18 қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" [Заңының](#) 27-бабы 1-тармағының 17-тармақшасына, Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына қабылдаудың 2000 жылғы 25 наурыздағы N 247 Үлгі ережелеріне (Қазақстан Республикасының Министрлігінде 2006 жылғы 27 ақпанда N 4133 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Білім беру және ғылым министрлігінің 2006 жылғы 1 наурыздағы N 95 [бұйрығына](#) сәйкес енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен) сәйкес, жоғары оқу орындарында оқып жүрген аз қамтамасыз етілген отбасынан шыққан, жетім - студенттерге әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында облыс әкімділігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Облыс әкімдігінің 2004 жылғы 14 маусымдағы "Аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жалпы білім беретін мектеп түлектеріне облыстың жоғары оқу орындарындағы оқуына ақы төлеу үшін әлеуметтік көмек тағайындау туралы" N 169/5 қаулысына (2004 жылғы 18 маусымда N 2621-мен облыстың әділет басқармасымен тіркелген, 2004 жылғы 6 шілдедегі N 78 "Звезда Прииртышья" газетінде, 2004 жылғы 08 шілдедегі N 80 "Сарыарқа самалы" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

2-тармағындағы "40" деген сан "50" деген санмен ауыстырылсын; Облыс әкімдігінің көрсетілген қаулысымен бекітілген аз қамтамасыз етілген

отбасыларындағы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жалпы білім беретін мектеп түлектеріне облыстың жоғары оқу орындарындағы оқуына ақы төлеу үшін әлеуметтік көмек тағайындау қағидаларындағы (одан әрі қағидалар):

3-тармақта "40" деген сан "50" деген санмен ауыстырылсын;

8-тармақта "көшкені" деген сөзден кейін "және шығарып жіберуі" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген қаулының 1-қосымшасында:

аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жалпы білім беретін мектеп түлектеріне облыстың жоғары оқу орындарындағы оқуына ақы төлеу үшін әлеуметтік көмек тағайындау жөніндегі облыстық комиссиясының құрамына:

Нетребский Николай Архипович	Павлодар облысының тәртіптік кеңесі хатшылығының меңгерушісі (келісім бойынша) комиссия мүшесі;
Нұхұлы Алтынбек	Еуразия инновациялық университетінің ректоры (келісім бойынша) комиссия мүшесі енгізілсін;
Жантурин Абылай Үкешұлы	облыс тәртіптік кеңесінің хатшылық-бөлімінің меңгерушісі;
Камербаев Асқар Юсупұлы	Павлодар университетінің проректоры

көрсетілген құрамнан шығарылсын.

Көрсетілген қаулының мәтіні бойынша, қаулының және қағиданың 1-қосымшаларындағы, Комиссияның Ережесіндегі "халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту департаменті" "халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту департаментіне", "халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту департаментінің", "халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту департаментімен", "халықты әлеуметтік қорғау қалалық басқармалары мен аудандық бөлімдері", "халықты әлеуметтік қорғау қалалық басқармасы немесе аудандық бөліміне" деген сөздер тиісінше "жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті", "жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаментіне", "жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаментінің", "жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаментімен", "қалалық және аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері", "қалалық және аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне" деген сөздермен ауыстырылсын.

*Облыс әкімі*

*Қ. Нұрпейісов*